

Облыс әкімиятының "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлаудың 2005-2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2005 жылғы 26 мамырдағы N 171 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімиятының 2006 жылғы 15 наурыздағы N 75 қаулысы. Маңғыстау облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 31 наурызда N 1940 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 01-30-1018 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.11 № 01-30-1018 хатымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімиятының "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлаудың 2005-2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2005 жылғы 26 мамырдағы N 171 қаулысына (N 1911, "Маңғыстау" газетінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 113 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) қаулының қосымшасында "Баутино п.Маңғыстау политехникалық колледжі" деген 6 бөлім мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

3002002	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	25	9 сынып	қазақша	3 ж. 6 а.
---------	--	----	---------	---------	--------------

"Жиыны" жолындағы - "200" деген сан "225" ауыстырылсын;

2) "Маңғыстау политехникалық колледжінің филиалы" деген 7 бөлімдегі мына жол:

3002002	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	25	9 сынып	қазақша	3 ж. 6 а.
---------	--	----	---------	---------	--------------

алынып тасталсын;

"Жиыны" жолындағы - "100" деген сан "75" ауыстырылсын;

3) "Жаңаөзен мұнай және газ колледжі" деген 9 бөлімдегі мына жол:

3925002	Мұнай және газды қайта өңдей технологиясы	25	1 1 сынып	қазақша	2 ж. 10а.
---------	---	----	--------------	---------	--------------

алынып тасталсын;

"1814002 - Мұнай және газ кенорындарының геологиясы және барлау" деген жолдағы "25" деген сан "50" санына ауыстырылсын.

2. "Облыс әкімиятының "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлаудың 2005-2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2005 жылғы 26 мамырдағы N 171 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" облыс әкімиятының 2005 жылғы 26 қазандағы N 303 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Г.С.Сейтмағанбетоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Қөшербаев